

№ 2573 тіркелген "Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациядан өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі № 421 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 7 қарашадағы № 733 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы № 457 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 9 маусымда тіркелді. Тіркеу № 2897. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2011 жылғы 15 шілдедегі № 309 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.07.15 № 309 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 2573 тіркелген "Мемлекеттік емес ұйымдарды аккредитациядан өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі № 421 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 7 қарашадағы № 733 бұйрығына (бұдан әрі - Бұйрық), мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Бұйрықтың 1-тармағында "1-5-қосымшаға" деген сөздер "1-3, 5-қосымшаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

Бұйрықтың 1-қосымшасының 8-тармағының екінші абзацы және тиісінше 4-қосымшасы алынып тасталсын;

Б ұ й р ы қ т ы ң 2 - қ о с ы м ш а с ы н д а :

15-тармақтағы кесте мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

8.	Ұйымның қаржылық-экономикалық	мың теңге		
	жағдайы			

15-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Аталған тармақ бойынша берілген мәліметтер тиісті құжаттардың көшірмелерімен расталуы қажет";

16-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Аталған тармақ бойынша берілген мәліметтер тиісті құжаттардың көшірмелерімен расталуы қажет";

көрсетілген Бұйрықтың 3-қосымшасында:
кестенің реттік нөмірі 4-8-жолдар алынып тасталсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Н.Бектұрғановқа жүктелсін.

Министр